# Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметті маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

***Күшін жойған***

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429а-I бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3232. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

2012.01.01 өзгерту енгізу көзделген - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.29 № 440 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын, әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (Н.Т. Байдәулетов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-Министрі Ю.И. Лавриненкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 429а-I бұйрығымен бекітілген
"Шығындары республикалық
бюджеттен субсидиялануға жататын
әлеуметті маңызды облысаралық
қатынастар бойынша темір жолмен
жолаушылар тасымалдарын жүзеге
асыратын тасымалдаушыларды ашық
тендер негізінде анықтау жөніндегі
конкурсты өткізу жөніндегі
нұсқаулықты бекіту туралы"

## Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Бүкіл мәтін бойынша "Ереже", "Ережесіне", "осы Ережеге", "осы Ережеде" деген сөздер "Нұсқаулық", "Нұсқаулыққа", "осы Нұсқаулыққа", "осы Нұсқаулықта" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Бүкіл мәтін бойынша "әлеуетті" деген сөзден кейін "жеткізуші", "жеткізушінің", "жеткізушіге", "жеткізушілерге" деген сөздер "тасымалдаушы", "тасымалдаушының", "тасымалдаушыға", "тасымалдаушыларға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына сәйкес әзірленген және шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі (бұдан әрі - тендер) конкурсты өткізудің ұйымдастыру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін белгілейді.

2. Тендер уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен конкурстық құжаттама негізінде жүргізіледі.

Конкурстық құжаттама "Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1185 қаулысымен айқындалған әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жүруі болжанатын жолаушылар поезды қозғалысының кестесі базасында қалыптастырылған лоттар және осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес үлгі конкурстық құжаттама негізінде әзірленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ( бұдан әрі - уәкілетті орган) тендерді өткізудің ұйымдастырушысы болып табылады.

## 2. Тендерлік комиссияны құру

4. Тендерлік комиссия (бұдан әрі - комиссия) тендерді өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды анықтау, сондай-ақ шарттардың мерзімін ұзарту мәселелерін қарау үшін құрылады. Комиссия құрамы уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі. Комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және комиссия мүшелері кіреді, комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ сан құрауы және үш адамнан кем болмауы тиіс. Комиссияның хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды

және комиссияның шешімдер қабылдауы кезінде дауыс беруге құқығы болмайды .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Комиссия қатысушылардың тендерлік өтінімдерін қабылдайды және қарайды, тендер өткізеді және жеңімпаздарды анықтайды, сондай-ақ шарттардың мерзімін ұзартуға өтінімдерді қарайды және шарттардың мерзімін ұзартудан бас тарту немесе мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6. Уәкілетті орган басшысының бірінші орынбасары тұлғасындағы комиссия төрағасы комиссияның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Тендер ұйымдастырушысы өтеусіз негізде жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер ұсынумен байланысты сарапшы ретінде жұмыс істеу үшін өзге де мамандарды тартады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8. Сарапшылар қатысушылар өтінімдерінің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі және Әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша тасымалдауды жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) мерзімін ұзартуға берілген өтінімдердің осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды береді және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие болмайды. Сарапшылардың қорытындысы қатысушылар ұсынған тендерлік өтінімдерді салыстыру және бағалау, жеңімпазды анықтау және шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар қол қояды және комиссия мәжілісінің хаттамасына қоса тіркеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

### 3. Тендерге қатысушыларға және тендерлік өтінімдерге қойылатын талаптар

9. Тендерге қатысуға оның шарттарына жауап беретін, өтінімді және басқа да қажетті құжаттарды осы Нұсқаулыққа сәйкес дер кезінде берген, 10 тармағында анықталған әлеуетті тасымалдаушылар жіберіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

10. Тендерге қатысу және/немесе Шарттардың мерзімін ұзарту үшін әлеуетті тасымалдаушылар мынадай шарттарға сәйкес болуы қажет:

1) темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдауға лицензиясының болуы;

2) жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру үшін жеке меншік немесе басқа заңды негіздерде пайдаланылатын, техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жолаушы жылжымалы құрамының болуы бұл ретте (жалпы вагон, плацкарт вагон, купе) үлгілері бойынша тиісінше көрсетілген жолаушылар вагондарының саны ("Жолаушылар лизингтік вагон компаниясы" акционерлік қоғамының вагондарынан басқа) талап етілетін вагондар санының кемінде 30 пайызын, ал электр дизель поездар вагондарының саны - 100 пайыз құрауы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер және зейнетақылық жинақ қорларына аударымдар бойынша берешектері болмауы тиіс;

4) нормативтік саны шегінде тіркелмелі және ауыстырып отырғызылмайтын вагондарды есепке ала отырып тиісті әлеуметтік маңызы бар бағыттарға қызмет көрсетуге қажет поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатының болуы, және/немесе бұрын әлеуметтік маңызы бар бағытқа қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілдік;

5) алынып тасталды;

6) Тасымалдаушының магистралдық темір жол желісі операторының, локомотивтік тартымның және жолаушылар вагондарын сумен және отынмен жабдықтау және оған техникалық қызмет көрсету, вагондарды жалға алу, ғимараттарды жалға беру қызметін ұсыну мен вокзалдарда 12 айда (алдыңғы жылдың қазанынан бастап, ағымдағы жылдың қыркүйегін қоса алғанда) немесе кепілдіктерінің анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсету бойынша басқа да темір жол ұйымдарының алдында берешегінің жоқтығы немесе екі жақты келісім бойынша тасымалдаушының қарызын немесе осы тұлғалардың берешекті кепілдемелік өтеу болмауы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз ), 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

11. Әлеуетті тасымалдаушы тендерге қатысу және/немесе Шарттардың мерзімін ұзарту үшін уәкілетті органның атына мынадай құжаттарды қоса бере отырып, тендерлік өтінімді ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) немесе 2-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) сәйкес тендерге қатысуға өтінім;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі мен жарғысының (заңды тұлғалар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) темір жол көлігімен жолаушыларды тасымалдау лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес үлгілері, саны, шыққан жылы, вагондардың зауыттық нөмірлері, техникалық күйі және жоспарлы жөндеу түрлері көрсетіле отырып (жеке меншік құқығын немесе жалға алынғандығын растайтын, вагондарды мемлекеттік тіркеуден өткендігі туралы нотариалды куәландырылған құжаттарды қоса берумен) жеке меншік және (немесе) сенімгерлік басқарудағы, мүлікті жалдау немесе басқа да заңды негіздерде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен жылжымалы құрамның мүккәмал паркі туралы мәліметтер;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырған жағдайларды қоспағанда, конкурстың өтінімдер және/немесе шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан астам мерзімге салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқтығы немесе бар болуы туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның (осы құқықты растайтын тиісті құжатты қоса беріп) қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын. Егер аталған анықтамада берешек көрсетілсе, осы берешектің пайда болу мерзімін растайтын анықтаманы берген тұлғаның қолы қойылған құжаттар қоса берілуі қажет;

6) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес тендерге қойылған әлеуметтік маңызды қатынастардағы маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырудың негізгі шарттары мен талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі тендерлік ұсыныстар бар тендерлік өтінімді тапсырады;

7) алынып тасталды;

8) алынып тасталды;

9) бұрын қызмет көрсетілген тіркелмелі және ауыстырып отырғызылмайтын

вагондарды есепке ала отырып әлеуметтік маңызы бар маршруттарға поезд бригадалары қызметкерлерінің тиісті әлеуметтік маңызды маршруттарға қызмет көрсету үшін бұрын басқа тасымалдаушылармен қызмет көрсетілген маршрутқа өтініш беру кезінде, жеке білікті штатының болуы туралы мәліметтер және/немесе осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нормативтік саны шегінде тіркелмелі және ауыстырып отырғызылмайтын вагондарды есепке ала отырып бұрын әлеуметтік маңызды маршрутқа қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілхат-міндеттеме;

10) алынып тасталды;

11) алынып тасталды;

12) Шарттың мерзімін ұзартуға өтінім берілген жағдайда ағымдағы айдың бірінші күніне берілген тасымалдаушының және бірінші басшының мөрлерімен бекітілген, қолдарымен расталған магистральдық темір жол желісінің локомотивтік тартым операторының және вагондарды жалдау, техникалық қызмет көрсету және жолаушылар вагондарын сумен және отынмен жабдықтау, үй-жайларды жалдау бойынша қызметтер және вокзалдарда анықтамалық-ақпараттық қызметтер ұсыну жөніндегі қызметтер көрсететін басқа да темір жол ұйымдарының алдындағы берешек бойынша өзара есеп айырылысуларды салыстыру актісі және берешек болған кезде бірінші басшылар қол қойған берешекті кепілді өтеу кестесін қамтитын екі жақты келісім немесе төлемді өткізу туралы банк таңбасымен мерзімін ұзартуға өтінім бергенде айы даталанған берешегі өтелгенін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

13) Осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес шарттың мерзімін ұзартуға мәлімделген маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдауын ұйымдастыруға қойылатын шарттар мен талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

12. Тендерге қатысу және/немесе Шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау үшін талап етілетін құжаттар екі данада мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, беттері нөмірленіп, тігілген күйде тапсырылады, соңғы беті заңды тұлғаның мөрімен немесе жеке тұлғаның қолымен куәландырылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

13. Тендерлік өтінімде және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімде жолдардың арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып

жазулар болмауы тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

14. Әлеуетті тасымалдаушы тендерлік құжаттаманы және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді конвертке салып аузын желімдейді, онда әлеуетті тасымалдаушының атауы мен мекен-жайы көрсетіледі. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып желімделеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

15. Конверттер тендерді ұйымдастырушыға (комиссияға) мынадай белгілермен жіберілуі тиіс:

тендерге қатысу ниеті болған жағдайда - "Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды анықтау бойынша конкурсқа арналған тендерлік өтінім;

Шартты ұзарту ниеті болған жағдайда - "Әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау туралы шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінім.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

16. Әлеуетті қатысушы тендерлік өтінімдерді (Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді) ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Өзгерту өтінімнің өзі сияқты дайындалуы, желімделуі және ұсынылуы тиіс. Мұндай өзгерту немесе қайтып алу туралы хабарлама, егер оны тендерді ұйымдастырушы (Комиссия) тендерлік өтінімдерді (Шартты ұзартуға арналған өтінімдерді) ұсынудың соңғы мерзімдері өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

17. Өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімдері өткеннен кейін өтінімдерге ешқандай өзгертулер енгізілмеуі тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

## 4. Тендерді өткізуді ұйымдастыру

18. Тендер, уәкілетті орган кідіріссіз тендер өткізуді талап еткен жағдайларды, барлық маршруттар бойынша Шарттың мерзімін ұзартуды қоспағанда, жылына 1 рет өткізіледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

18-1. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, жолаушыларды тасымалдауды жылдың аяғына дейін Жолаушыларды, жүктерді, жүк багажын және пошталық жөнелімдерді Ұлттық тасымалдаушы бұрын қызмет көрсеткен қызметкерлердің штатын (жолсеріктер және поездар бастықтары) міндетті түрде пайдалана отырып, тиісті кезеңге бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

19. Уәкілетті орган тендер өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті хабарландыру беріледі және тендерге қойылатын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар маршруттарының тізбесі көрсетіледі. Хабарландыру тендер өткізілгенге дейін 15 күнтізбелік күннен және тендер қайталап өткізілген жағдайда 7 күнтізбелік күннен кешіктірілмей беріледі.

20. Тендерді өткізу туралы хабарланғаннан кейін тендерге қатысуға тілек білдірген әлеуетті тасымалдаушылар осы Нұсқаулықтың 10-тармағында аталып өтілген құжаттарды қоса отырып, уәкілетті органның атына тендерлік өтінімдер тапсырады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2010.05.11 N 228; 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

21. Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау тіркеу журналына өтінімдерді (тігілген, нөмірленген, комиссия хатшысы қол қойған және мөрмен бекітілген) енгізу жолымен жүзеге асырылады және тендерді өткізу күніне дейін бір жұмыс күн ішінде аяқталады, ал Шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау үшін

Шарт қолдану мерзімі аяқталғанға дейін отыз бес күнтізбелік күн ішінде аяқталады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

## 5. Ашық тендерді өткізу, тендерлік ұсыныстарға баға беру және жеңімпаз(дар)ды анықтау тәртібі

22. Комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қатысушылар немесе олардың өкілеттіктері комиссияның отырысына қатысуға құқық беретін сенімхатпен расталған уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

23. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде комиссия қатысып отырған тұлғаларға конкурсқа қатысатын әлеуетті тасымалдаушылардың атауы мен тұратын жерін, олар ұсынған бағаларды, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссия тиісті хаттаманы жасайды және қол қояды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

23-1. Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына конверттерді ашу рәсіміне қатысқандар, төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссия мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қояды.

Уәкілетті орган өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) әлеуетті тасымалдаушыларға немесе ашу рәсіміне қатысқан олардың уәкілетті өкілдеріне өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін жолдайды немесе ұсынады;

2) өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының қол қойылған мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында бар және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақысыз негізде барлық мүдделі тұлғалар танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

23-2. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде болмаған әлеуетті тасымалдаушыларға олардың жазбаша сұрау салуымен немесе олардың уәкілетті өкілдерінің жазбаша сұрау салуы бойынша уәкілетті органның осындай сұрау салуды алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

Ескерту. 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

24. Комиссия тендерге қатысу үшін карауға қабылданған тендерлік өтінімдерге баға береді және салыстырады, әрі көрсететін қызметтерінің сапалы сипаттамалары мен маршруттар бойынша қажетті субсидияларының ұсынылған көлемін есепке ала отырып, тендерде жеңіске жеткен тасымалдаушыны (тасымалдаушыларды) анықтайды.

24-1. Өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде конкурстық комиссия әлеуетті тасымалдаушылардың өтінімдеріндегі мәліметтерді нақтылау мақсатында өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті тасымалдаушылардан олардың өтінімдеріне байланысты түсіндірмелер сұратуы мүмкін. Сондай-ақ, комиссия қажетті ақпаратты тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан сұратуы мүмкін.

Тендерлік құжаттаманың (осы Нұсқаулықтың) талаптарына сай келмейтін тендерлік өтінімді (Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді) осы талаптарға сәйкес келтіру үшін сауалдар, ұсыныстар немесе рұқсаттар жасауға жол берілмейді.

Ескерту. 24-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007.08.10. N 176 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

24-2. Конкурстық комиссия, егер:

1) осы тендерлік өтінімді ұсынған әлеуетті тасымалдаушы осы Нұсқаулықтың 10-тармағының талаптарына сай келмесе;

2) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті тасымалдаушылардың тендерлік өтінімінің бағасы әлеуметтік маңызды облысаралық қатынасты субсидиялауға бөлінген сомадан асып түссе тендер өтінімді қайтарады;

3) әлеуетті тасымалдаушы осы Нұсқаулықтың 37-тармағының талабын орындамаса, тасымалдаушы өтінімді қайтарады.

Ескерту. 24-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007.08.10. N 176 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.11.03 N 462 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

25. Егер тендерге қойылатын бір топтама бойынша тендердің шарттарына жауап беретін және осы Нұсқаулыққа сәйкес тендерге қатысу құжаттарын тапсырған кем дегенде екі тендерге қатысушы өтінім берген болса, тендер болған болып танылады.

26. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру рәсіміне комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде комиссияның шешімі заңды деп танылады.

Конкурсты өткізу кезінде комиссияның кез келген мүшесінің және хатшысының болмауына дәлелді себептер болған кезде осы фактіні растайтын құжатты ұсынғанда жол беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

27. Комиссия конверттер ашылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендердің қорытындыларын шығарады, тендердің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, оған төраға, төрағаның орынбасары және комиссияның мүшелері қолдарын қояды.

Уәкілетті орган тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) әлеуетті тасымалдаушыларға тендердің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді;

2) тендердің корытындылары туралы қол қойылған хаттама мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Тендердің қорытындылары туралы хаттамада бар және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақысыз негізде барлық мүдделі тұлғалар танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

28. Әлеуметтік маңызы бар қатынаста тіркелмелі және ауыстырып отырғызылмайтын вагондарды есепке ала отырып субсидиялардың ең аз көлемін ұсынатын және уәкілетті орган белгілеген міндетті қызметтердің тізбесімен қоса тасымалдауды үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндеттенетін тасымалдаушы жеңімпаз болып танылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация

министрінің 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

29. Комиссия тендердің қорытындыларын шығару кезінде әрбір маршруттағы тендердің жеңімпазынан басқа, әрбір маршрутта ұсыныстары неғұрлым тәуір әлеуетті қатысушыны анықтайды.

30. Тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы мен уәкілетті орган арасында осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Шарт жасалады

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

30-1. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға берген өтінімдері тендердің қорытындылары туралы хаттамаға комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткенге дейін жарамды.

Ескерту. 30-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

31. Жеңімпаз шарт жасасудан бас тартқан кезде, уәкілетті орган жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы анағұрлым қолайлы болып табылатын тендердің басқа қатысушысымен шарт жасасады. Бұл ретте тендердің ұйымдастырушысы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын тендер жеңімпазы анықтаған әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

32. Оның (олардың) тендерлік ұсыныстары жеңімпаздың ұсыныстарынан кейін ең жақсы деп танылған тендердің қатысушы (қатысушылар) уәкілетті органмен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тендер болмаған болып танылады.

33. Егер тендер комиссиямен болмаған болып танылған жағдайда, комиссия:

1) қайталанған тендер өткізу туралы

2) тендерге қатысуға бір ғана әлеуетті тасымалдаушы жіберілген жағдайда онымен Шарт жасасу туралы шешімдердің бірін қабылдайды. Жасалған Шарттың бағасы бөлінген субсидиялар сомасынан артық болмауы тиіс;

3) алынып тасталы.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

33-1. <*>

Ескерту. 33-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

34. Егер қайталама тендердің нәтижелері бойынша тасымалдаушы анықталмаса, онда уәкілетті орган осы бағытта бұрын қызмет еткен қызметкерлердің білікті штатын (жолсеріктер және поездар бастықтары) пайдалана отырып тиісті жылға бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде жолаушыларды, багажды, жүк багажын және почталық жөнелтілімдерді Ұлттық тасымалдаушымен шарт жасасады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімдерде тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет туралы заңы қабылданбаса темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган шартын, осы шарт бойынша ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда бөлінген қаржы көлемінен аспайтын көлемде, келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуы мүмкін.

Ескерту. 35-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007.08.10. N 176 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

## 6. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

Ескерту. 6-тарау жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.10.23 N 481 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

36. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуі егер ол тендер жеңімпазы болып жарияланған жағдайда, тендерлік құжаттамада көзделген, шартты жасауға кепіл ретінде енгізіледі.

37. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тасымалдаушы әлеуетті тендерлік өтінім сомасынан 3 пайыз мөлшерінде енгізіледі.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

38. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін таңдайды:

1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланған тендерді

ұйымдастырушының банктік шотына салынатын кепілдік ақшалай жарна;

2) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған банктік кепілдеме.

Әлеуетті өнім берушіге үшінші тұлғалардың оның тендерге қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін енгізілген кепілдік ақша жарнасының тұтастай немесе бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-қимылдарға жол берілмейді.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

39. Тендердің ұйымдастырушысы әлеуетті өнім берушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі болған күннен бастап 5 (бес) банкілік күннің ішінде қайтарады:

1) тендерге қатысуға беретін өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін аталған әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға берген өз өтінімін кері қайтарып алу;

2) шартқа қол қою;

3) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға берген өтінімінің әрекет ету мерзімі аяқталуы.

## 7. Шарттың мерзімін ұзарту

Ескерту. 7-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

40. Темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган Шарттың мерзімін ұзарту туралы комиссия шешімінің негізінде жыл сайын Шарттың мерзімін 1 жылдан аспайтын мерзімге және 3 реттен асырмай ұзартады. Қолданылу мерзімі ұзартылған Шарттың бағасы тиісті жылға бөлінген субсидиялардың сомасынан аспауы тиіс.

41. Уәкілетті орган тиісті жылға әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырудың негізгі шарттарын осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес бекітеді әрекеттегі Шарттың әрекет ету мерзімі біткенге 40 күнтізбелік күнге дейін және тасымалдаушыға ұсынады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

42. Шарттың мерзімін ұзарту мәселесін қарау үшін тасымалдаушы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін 40 күнтізбелік күн қалғанда уәкілетті

органның мекенжайына Шарттың мерзімін ұзартуға өтінімді осы Нұсқаулыққа 10 және 11-қосымшаларға сәйкес осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 2) - 5) және 7) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.

43. Комиссия ұсынылған өтінім осы Нұсқаулықтың 42-тармағына сәйкес келмесе Өтінімді кері қайтарады.

44. Комиссия үш жұмыс күні ішінде тиісті хаттаманы ресімдей отырып, тасымалдаушылардың Шарттардың мерзімін ұзартуға өтінімдерін қарау қорытындыларын жасайды.

45. Шарттың мерзімін ұзарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) тасымалдаушының осы Нұсқаулықтың 10-тармағында айқындалған шарттарға сәйкес болуы;

2) қолданыстағы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуы;

46. Комиссия тасымалдаушымен Шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда тасымалдаушы мен уәкілетті орган арасында үш жұмыс күні ішінде қосымша келісім жасалады.

## 8. Ерекше шарттар

Ескерту. 8-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

47. Темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын үздіксіз және қауіпсіз қамтамасыз ету мақсатында тасымалдаушы магистральдық темір жол желісі, локомотивтік тартым, жолаушы вагондарын жалға беру, техникалық қызмет көрсету және отынмен және сумен жабдықтау, вокзал қызметтерін ұсыну бойынша қызметтерді ұсынуға реттелетін рыноктар субъектілерінің шарттары мен бағаларында шарттар жасасады және Шартты жасасқаннан немесе мерзімін ұзартқаннан кейін 60 күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға шарттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

48. Уәкілетті орган тасымалдаушымен Шартты мынадай жағдайларда біржақты тәртіппен бұзады:

1) тасымалдаушы уәкілетті орган алдындағы өзінің шарттық міндеттерін тиісті түрде орындамауы;

2) осы Нұсқаулықтың 47-тармағын орындамау;

3) ақша қаражатын мақсатсыз пайдалануды анықтау.

Ескерту. Қосымшалардағы жоғарғы оң жақтағы "өткізу ережесіне" деген сөздер "өткізу жөніндегі нұсқаулыққа" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.11.03 N 462 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 429а-I бұйрығымен бекітілген
Шығындары республикалық бюджеттен
субсидиялануға жататын әлеуметтік
маңызды облысаралық қатынастар
бойынша темір жолмен жолаушылар
тасымалдарын жүзеге асыратын
тасымалдаушыларды ашық тендер
негізінде анықтау жөніндегі
конкурсты өткізу жөніндегі
нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға 2010 жылғы 13 тамызда ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2007.05.23. N 117 Бұйрығымен өзгерту енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі

**Ө Т І Н І Ш**

(заңды тұлға үшін)

Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын ________________________________ маршруты бойынша әлеуметтік маңызды
(маршруттың атауы)
облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін рұқсат беруіңізді сұраймын

Тасымалдаушы туралы мәліметтер

1. Меншік нысаны ____________________________________________________
2. Құрылған жылы ____________________________________________________
3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік __________________

________________________________________________________________________

(нөмірі, кіммен және қашан берілген)

4. СТН ______________________________________________________________
5. Банктік деректемелер ____________________________________________

___________________________________________________________________

(ЖСК, БСК, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Заңды мекен жайы және басқа деректемелері ______________________

___________________________________________________________________

(почталық адресі, телефон, телефакс, телекс)

7. ________________________________________________________________

(Ұйымның бірінші басшысының аты-жөні, тегі)

8. Қоса берілген құжаттар:

1) ________________________________________________________________

2) ________________________________________________________________

3) ________________________________________________________________

Ұйымның басшысы: аты-жөні, тегі, қолы, күні

м.о.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 429а-I бұйрығымен бекітілген
Шығындары республикалық бюджеттен
субсидиялануға жататын әлеуметтік
маңызды облысаралық қатынастар
бойынша темір жолмен жолаушылар
тасымалдарын жүзеге асыратын
тасымалдаушыларды ашық тендер
негізінде анықтау жөніндегі
конкурсты өткізу жөніндегі
нұсқаулыққа 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаға 2010 жылғы 13 тамызда ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2007.05.23. N 117 Бұйрығымен өзгерту енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі

**Ө Т І Н І Ш**

(жеке тұлға үшін)

Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялануға жататын ________________________________ маршруты бойынша әлеуметтік

(маршруттың атауы)

маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолдық жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер

негізінде анықтау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін рұқсат етуіңізді сұраймын

Тасымалдаушы туралы мәліметтер

1. Жеке тұлғаны куәландыратын құжат ________________________________
______________________________________________________________________

(нөмірі, кіммен және қашан берілген)

2. СТН ______________________________________________________________

3. Банктік деректемелер _______________________________________________
______________________________________________________________________

(ЖСК, банктің атауы және орналасқан жері)

4. Мекен-жайы және басқа деректемелері ______________________________
______________________________________________________________________

(почталық адресі, телефон, телефакс, телекс)

5. Қоса берілген құжаттар:

1) __________________________________________________________________

2) __________________________________________________________________

3) __________________________________________________________________

Аты-жөні, тегі, қолы, күні

м.о.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 429а-I бұйрығымен бекітілген
Шығындары республикалық бюджеттен
субсидиялануға жататын әлеуметтік
маңызды облысаралық қатынастар
бойынша темір жолмен жолаушылар
тасымалдарын жүзеге асыратын
тасымалдаушыларды ашық тендер
негізінде анықтау жөніндегі
конкурсты өткізу жөніндегі
нұсқаулыққа 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.11.13 N 523 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

# 20__ жылғы әлеуметтік маңызды қатынастарда тендерге қойылған маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырудың шарттары мен талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі тендерлік ұсыныстар

| № р/с | Поезд № | Әлеуметтік маңызды қатынастың атауы | Қашықтығы, км | Қатынаудың кезеңділігі | Вагон типі | Жылжымалы құрамды құрастыру |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | Құрамындағы (ядро) минималды орташа жылдық вагондар саны құрамындағы |
| | | | | | купе | |
| | | | | | плацкарт | |
| | | | | | жалпы | |
| | | | | | Барлығы | |

*кестенің жалғасы*

| Жылжымалы құрамды құрастыру | | | | | | | | | | | |
